

# *Қазақстан тарихы*

## *8 сынып*



### *Сабақтың тақырыбы:*

*Сырым Датұлы бастаған кіші жүз  
қазақтарының 1783-1797  
жылдардағы көтерілісі*

## **Сабақтың мақсаты:**

*Тәрбиелік:* Туған тарихының аса маңызды оқиғаларын терең түсініп, тағылым алатын ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

*Білімділік:* Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың алғышарттары, мақсаты, барысы, қозғаушы күштері, тарихи маңызына терең талдау жасау; Батыр, ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушылық тұлғасына баға беру.

*Дамытушылық:* Ақпараттық технология әдісі арқылы интерактивті тақтамен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, біліктілігін арттыру.

**Сабақтың әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, интерактивті

**Сабақтың түрі:** аралас

**Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті

**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақта, С.Датұлы бастаған көтеріліс картасы, тірек-сызбалар, суреттер, таратпалар.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі**

*Оқушыларды сабаққа даярлау*

Жалғанның жартысындай қазақ елі,

Алғандай көздің жауын сұлу жері

Ақ пейіл, дарқан көңіл, халқымыз бар,

Болғанда бірі-батыр, бірі-сері.

Әз бабам азаттықты аңсап өткен,

Ел үшін талай саңылақ шаһид кеткен.

Солардың күдіреті, ой-арманы,

Таңы боп, тәуелсіздік бізге жеткен.

Бүгінгі сабағымызға тәуелсіздікке қол жеткізуге себепкер болған ірі тарихи тұлғамен таныс боламыз.

## **I.Үй тапсырмасын тексеру.**

Үйге берілген тапсырма бойынша:

*1.Жылдар сөйлейді» жұптары бойынша жылдарды айтып шығады.*

1)1773 ж. Қыркүйек-1774 ж. Наурыз

1774 ж. Наурыз-1774 ж күз

1775 ж. Қыркүйек-1776 ж. Ақпан

2)1773 ж. Қыркүйек-1774 ж. Сәуір

1774 ж. Сәуір-маусым

1774 ж. Жазы-1776 ж

*2.Бұл кім?*

1.Е.Пугачев

2.Нұралы

3.Е.Петровна

4.Сырым

5.Зәбір

*Бұл не?*

1.Орынбор

2.Пресногорьковск, Тройцк

3.Орал

### *3. Жалғастыр.*

1. Қазақ шаруаларының және жеке феодалдардың көтеріліске қатысуына .....түрткі болды.

2. 1742 жылы 19 қазан Жайықтың бойында мал жаюға тыйым салған патша үкімін.....

3. Еділ мен Жайық бойындағы шаруалар Е.Пугачев басқарған 1773-1775 жылғы шаруалар соғысына..... 4.

Кейін Орал қаласында Е.Пугачевке арналған.....

5. Е.Пугачев көтерілісіне қатысқан Кіші жүз қазақтарының көтерілісі.

## **II. Үй жұмысын қорытындылау.**

Сонымен, Е.Пугачев көтерілісіне Кіші және Орта жүз қазақтарының қатысуы 3 кезеңге бөлінді. Көтеріліс жеңілгенімен тарихи маңызы өте зор болды:

1. Орыс, қазақ шаруаларын біріктірді.

2. С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына себеп болды.

# III. Жаңа сабақты меңгертуге дайындық кезеңі-«ой-түрткі салу» сәті:

1. «Ұлт-азаттық қозғалыс» ұғымын түсіндіріңдер;
2. Ұлт-азаттық қозғалыстың басты мақсаты?

## ***Ұлт-азаттық қозғалыс ұғымы***

- Отар елдерге тән табиғи құрылыс;
- Отар халықтардың отарлық езгіге қарсы жалпыхалықтық күресі;
- Отарлық тәуелділіктегі халықтардың жатжұрттық езгіге қарсы жалпыұлттық күресі;
- Ұлт-азаттық қозғалыстың бір түрі, ол-көп халық қатысқан қарулы түрі.

## ***Ұлт-азаттық қозғалыстың басты мақсаты:***

Ұлтты отарлық езгіден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, тәуелсіздігін қалпына келтіру.



## Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

Ендеше, бүгінгі сабағымызда «Тәуелсіздіктің іргетасын қалаушылардың бірі, ірі тарихи тұлға ұлт-азаттық қозғалысты бастаушы».

Батыс Қазақстан облысы,

Мәңгілік туған жерде атың қалды.

Тұтамыз жанға медеу осы күнді,

Айтқаның ақ қағазға көшірулі.

Біз үнемі еске аламыз Сырым баба,

Ант-етіп өшірмеуге есіміңді-деп Сырым Датұлы туралы өтеміз.

Көтерілістің басшысы *Сырым Датұлы* 1742 – 1802 жылдар аралығында өмір сүрген. Зерттеулерге қарағанда Батыс Қазақстан облысы Тайпак ауданында дүниеге келген. Қазақ халқының өте тапқыр, көрнекті шешендерінің бірі.

Сырымның үш ұлы болған: Жүсіп, Қазы, Қамбар.



**Сырым Датұлы (1742-1802)**

## *Көтерілістің алғышарттары:*

- Кіші жүздегі хандық биліктің әлсіреуі
- Сұлтандандың патша үкіметіне қарсылығы
- Патша үкіметінің қазақ жерін отарлауы
- Кіші және Орта жүздердің Уфа басқармасына бағындырылуы
- Жер мәселесі
- 1782 ж 27 желтоқсандағы Жаңа жарлық бойынша
- Қазақ жерінің қазақтарға жалға берілуіне тыйым салу;
- Жалға алынған жер үшін қазақтар ақы төлеумен қатар аманат қалдыруға тиіс болды.



Сырым Датұлы

1783-1797 жж

Көтерілістің басты қозғаушы күші – қазақ шаруалары, старшындар, билер, ру басшылары болды.

## *Көтерілістің басты мақсаты:*


- Орал казак әскерінің қазақ жерін басып алуын тоқтату
- Нұралы ханның ашық түрде патша үкіметін қолдауы
- Ғасырлар бойы қалыптасқан жерді пайдалану жүйесін қалпына келтіру

*Қозғаушы күштері:* Қарапайым шаруалар, би-старшындар, батырлар.

*Көтеріліс аумағы:* Еділ-Арал теңізі



Еділдің шығыс өңіріндегі ірі халықтық сипаттағы қозғалыс, көтеріліс патша үкіметінің отарлау саясатын, Жайық бойындағы өңірді басып алуға мейлінше тырысқанын дәлелдейді, тарихи қозғалыс ру арасындағы қайшылықтар халықтың басты мақсатына жетуіне зор кедергі болатынын көрсетті.



## *Көтерілістің барысы:*

- ❖ 1783 ж күзі Орал казак әскерімен кең арпалыс жолына түсуі.
- ❖ 1783 ж желтоқсан Сырымды Орал казактары тұтқынға алды.
- ❖ 1784 жылы көктемде тұтқыннан босатты.
- ❖ 1784 ж маусымда Сырымның Орал казак әскерімен кескілескен күресі басталды.
- ❖ 1784 ж қарашада Сағыз өзені бойында Сырым тобы 1000 адамға жетті.
- ❖ 1785 ж 17 ақпанда Смирнов басқарған топ ауылдарын талқандады.
- ❖ 1785 ж 17 наурызда Колпаковтың басшылығымен адай, беріш руларына, 1785 ж Назаров басқарған Орал казактары табын руына шабуылдады.



1792 жылдың күзінде көтерілісшілердің негізгі күші Елек қалашығына таяу жерге орналасып, қорғанға шабуыл жасауға әзірленді. Сұлтандар көтерілісшілер отрядының қай жерге орналасқанын, олардың мақсатын шекара өкіметіне алдын-ала хабарлап қойған. Сондықтан қорған гарнизондары тойтарыс беруге әзір еді. Сырым бастаған отряд 29 қыркүйекте Елек қалашығына шабуылға шығып, қорғанды ала алмады.



Сырым Датов  
1783-1797 жж.

1785 жылы көктемінде көтерілісшілер күрес қимылдарын барынша кеңейтті. Көтерілісті мейлінше қолдаған байбақты, табын, тама руларына сүйенген Сырым Датұлы көтеріліс өрісін кеңейтуге тырысты.



## *Көтерілістің жеңілу себептері:*

- Көтерілісшілердің әр кезеңде мақсаттарының өзгеруі;
- Қару-жарағының аздығы;
- Көтерілістің нашар ұйымдастырылуы;
- Руаралық қайшылықтар;

## *Тарихи маңызы:*

- Патша үкіметінің отарлау саясатының түпкі мақсаты-ең шұрайлы Жайық өңірін басып алу екендігін дәлелдеді;
- Қазақ өлкесіндегі ең ұзақ көтеріліс болып, 14 жылға созылды;
- Руаралық қайшылықтардың басты мақсатқа жетуде зор кедергі болатынын дәлелдеді;
- Еділдің шығысындағы ірі халықтық сипаттағы қозғалыс.

## **IV. Жаңа сабақты бекіту: (сәйкестендіру тесті)**

Кіші жүздегі хандық биліктің әлсіреуі  
Сұлтандандардың патша үкіметіне қарсылығы

**Көтерілістің қозғаушы күші**

Қарапайым шаруалар, би-старшындар, батырлар.

**Мақсаты**

Орал казак әскерінің қазақ жерін басып алуын тоқтату  
Нұралы ханның ашық түрде патша үкіметін қолдауы

**алғышарттары**

Еділ-Арал теңізі

**тарихи маңызы**

Патша үкіметінің отарлау саясатының түпкі мақсаты-ең шұрайлы Жайық өңірін басып алу екендігін дәлелдеді;

Қазақ өлкесіндегі ең ұзақ көтеріліс болып, 14 жылға созылды;

**аумағы**

## **V.Қорыту:**

*Қазіргі кездегі Сырым:*

Батыс Қазақстанда музейі ашылған.

Ескерткіш орнатылған.

Сырым атындағы ауыл.

Конференциялар өтіп отырады.

## **VI.Бағалау.**

**VII.Үйге тапсырма:** §6. Оқу, тест

құрастыру.